



Пән бойынша оқыту  
бағдарламасының (Syllabus)  
титулдық парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Қаржы-экономика факультеті  
Экономика және менеджмент кафедрасы

5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының  
студенттеріне арналған

Менеджмент

## **ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (Syllabus)**

Павлодар



Пән бойынша оқыту  
бағдарламасын (Syllabus)  
бекіту парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/38

**БЕКІТЕМІН**

Қаржы-экономика  
факультетінің деканы  
\_\_\_\_\_ЭрназаровТ.Я.  
20\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

**Құрастырушы:** аға оқытушы \_\_\_\_\_ Саденова С.Н.

Экономика және менеджмент кафедрасы

5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының  
(мамандықтың толық атауы және шифрі)  
күндізгі оқу нысанының студенттеріне арналған  
(оқу нысаны)

Менеджмент

(жұмыс оқу жоспары бойынша пәннің толық атауы)

**пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)**

Бағдарлама 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының негізінде  
әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылды 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ С.К. Кунязова 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қаржы-экономика факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды  
20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ Хаттама

ОӘК төрайымы \_\_\_\_\_ А.Б. Темиргалиева 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**КЕЛІСІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Г.Р. Байтаева 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**1 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары**  
 Аты-жөні Саденова Сауле Нуртаевна  
 Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі аға оқытушы  
экономика және менеджмент кафедрасы А корпусында (Ломов көш.64), 419 аудиторияда орналасқан. Байланысу телефоны 67-36-43.

## 2 Пән туралы мәліметтер

Пәннің еңбек сыйымдылығы 180 сағат, соның ішінде 60 сағат аудиториялық сабақтарға және 120 сағат студенттің өзіндік жұмысына берілген. Сабақ түрлері бойынша аудиториялық уақыттың бөлінуі тақырыптық жоспарда көрсетілген.

## 3 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша байланыс сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысан дары
		барлығы	дәріс	практика	зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	ОСӨЖ	
5В051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару»										
ЖОБ негізінде күндізгі оқу түрі, 2012 түсу жылы										
2	4	60	30	30				120	30	емтихан

## 4 Пәннің мақсаты және міндеттері

«Менеджмент» пәнінің мақсаты курстың теориялық-әдістемелік тұрғысынан, басқару теориясы мен тәжірибесінің қолданылуы мен дамуын нарықтық қатынастар жағдайларында игеру болып табылады.

Менеджмент пәнінің зерттеу объектісі – бұл ұйым қызметін басқару қағидалары, тәсілдері, механизмдері және олардың жиынтықтары.

Пәнді оқытудың негізгі мақсаттары:

- студенттер үшін менеджмент туралы теориялық білімдер кешенін құру;
- менеджментті сипаттайтын түсініктер мағанасын ұғындыру;
- дүниежүзілік тәжірибені тиімді пайдалану кезінде басқару қызметіндегі нақты дағдыларды жасау.

### Пәннің міндеттері

- тесттерді, тренингтерді, жаттығуларды, практикалық тапсырмаларды, іскерлік ойындарды және т.б. орындау арқылы студенттердің кәсіби білімдерін жетілдіру;
- басшының тәжірибелік жұмыс дағдыларын игеру;
- шығармашылық белсенділіктерді арттыру;
- іскерлік қасиеттерді дамыту.

## 5 Білімге, икемділікке және машықтарға қойылатын талаптар

Осы пәнді меңгеру нәтижесінде студенттердің:

- басқару еңбегінің мәні, басқарудың әдістері, қағидалары, қызметтері, басқару стильдері және кәсіпорын қызметінің жеке сфераларындағы басқару ерекшеліктері **жөнінде түсініктері болуы;**

- басқарушылық процестердің, негізгі ұйымдық құрылымдардың, менеджердің атқаратын міндеттері мен жұмыс стилінің табиғатын;

- менеджердің жауапкершілігі туралы, басқару деңгейлері бойынша жауапкершіліктердің бөлінуі;

- ұйым ресурстарын тиімді басқара;

- ұйым қызметін жоспарлау және болжау әдістері мен нысандарын **білуі;**

- ұйым ресурстарын, яғни еңбек, қаражат, материалдық және т.б. тиімді басқару үшін олардың ұйым балансында қанша көлемде бар екендігін және оларға деген қажеттіліктің қанша екендігін бағалап, оны талдауға;

- ұйым қызметіне қойылған талаптарға және болашақта мүмкін болатын өзгерістерге сүйене отырып дұрыс қорытынды жасап, бірнеше баламалар ішінен тиімді шешім қабылдауға;

- ұйымда қарастырылатын жобаларды және оларды қаржыландырудағы инвестиция көздерін таңдауды экономикалық тұрғыдан қарастыруға **икемді болуы;**

- басқару шешімдерін әзірлеу, талдау және шешу бойынша;

- персоналды және толығымен ұйымды тиімді басқару бойынша **практикалық машықтарды иемденуі қажет.**

## **6 Пререквизиттер**

Осы пәнді меңгеру үшін төмендегі пәндерді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және дағды-машықтар қажет: мамандыққа кіріспе, микроэкономика, әлеуметтану.

## **7 Постреквизиттер**

Пәнді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және дағды-машықтар келесі пәндерді меңгеруі үшін қажет: кәсіпорын экономикасы, стратегиялық жоспарлау, антикризистік менеджмент, мемлекет және бизнес.

## 8 Тақырыптық жоспар

8.1 5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының пән тақырыптық жоспары, күндізгі оқу түрі, жалпы орта білім негізінде, түскен жылы 2012

№ р/с	Тақырыптардың атауы	Сабақ түрлері бойынша байланыс сағаттарының саны					
		дәріс тер	практика лық (сем)	зертхана лық	студия лық	жеке	СӨЖ
<b>1 Бөлім Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері</b>							
1	Басқару ғылымының пәні мен әдісі	1	1	-	-	-	3
2	Менеджменттің мәні мен қағидалары	1	1	-	-	-	3
3	Басқарудағы жүйелік тәсіл негіздері	1	1	-	-	-	3
4	Менеджмент эволюциясы	1	1	-	-	-	3
5	Қазіргі кезеңгі менеджмент тұжырымдамалары	-	-	-	-	-	5
6	Қазақстандағы менеджменттің методологиялық негіздері	-	1	-	-	-	5
<b>2 Бөлім Басқаруды ұйымдастыру</b>							
7	Ұйым туралы түсінік және оның түрлері	1	1	-	-	-	3
8	Ұйым мақсаттары және олардың классификациясы	1	1	-	-	-	3
9	Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы	1	1	-	-	-	3
10	Басқарудың ұйымдастыру құрылымы мен басқару нормасы	1	1	-	-	-	3
11	Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары	1	1	-	-	-	3
12	Әрекеттестікті ұйымдастыру және өкілеттіліктер	-	-	-	-	-	5
<b>3 Бөлім Менеджменттегі интеграциялық процестер</b>							
13	Менеджментті информациямен қамтамасыз ету	1	-	-	-	-	3
14	Менеджменттегі коммуникация	1	1	-	-	-	3

15	Менеджмент басқару шешімдері	1	1	-	-	-	3
<b>4 Бөлім Рыноктық экономикадағы басқару әдістерінің жүйесі</b>							
16	Экономикалық басқару әдістері	1	1	-	-	-	3
17	Басқарудың әлеуметтік -психологиялық әдістері	1	1	-	-	-	3
18	Басқарудың ұйымдастыру өкімдік әдістері	1	1	-	-	-	3
19	Рыноктық экономикадағы басқарудың қазіргі кездегі тәсілдері	1	-	-	-	-	3
1---320							
<b>5 Бөлім Менеджмент функциялары</b>							
21	Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде	1	1	-	-	-	4
22	Менеджменттегі мотивация	2	1	-	-	-	4
23	Менеджмент жүйесіндегі бақылау	1	1	-	-	-	4
<b>6</b>	<b>Бөлім Топтық динамика және басшы</b>						

<b>қа ру пе рс он ал ы</b>							
1---424							
25 Ад ам қы зм еті н бас қа ру жә не то пты бас қа ру 1	Басшылық: билік, ықпал ету және серіктестік	1	1	-	-	-	4
26	Лидерлік: басқару стилі мен менеджер имиджі	1	1	-	-	-	4
27	Қайшылықтарды, күйзелістерді және өзгерістерді басқару	1	1	-	-	-	4
28	Фирманың кадрлық саясаты	1	1	-	-	-	4
<b>7 Бө лі м Ба сқ ар у қы зм еті нің эт ик</b>							

<b>асы мен мәдениеті</b>							
1---329							
30 Басқарудың корпоративтік мәдениеті		1	1	-	-	-	3
31 Менеджердің іскерлік этикеті		1	1	-	-	-	3
<b>8 Бөлім Менеджер менттілігі</b>							
1---332							
33 Менеджер менттілігі	Басқарудың қазіргі кездегі технологиялары	-	1	-	-	-	5
34	Өнімділікті басқарудағы	-	1	-	-	-	5



	кешендік тәсіл						
Барлығы	30	30	-	-	-	120	

### **9 Пәннің қысқаша сипаттамасы**

«Менеджмент» пәні микродеңгейде басқарудың методологиялық, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық аспектілерін логикалық тізбекте қарастырады.

Басқару процесінде қатысатын негізгі элементтер болып коммуникация, басқару шешімдері, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау функциялары табылады.

Осы пән бойынша студенттерді оқытудың белсенді әдістері: имитациялық, ойындық, имитациялық емес.

### **10 Курстың компоненттері**

#### **Дәріс сабақтарының тізімі**

#### **1 Бөлім Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері**

##### **1 тақырып Басқару ғылымының пәні мен әдісі**

Экономикалық ғылымдар жүйесінде басқару ғылымының пәні.

Менеджменттің теориялық және методологиялық негіздері Теория мен практика бірлігі, менеджментті зерттеудегі тарихи және логикалық тәсілдер.

Басқару әдістерінің жиынтығы.

Курстың мазмұны мен мәселелері. «Менеджмент» оқу пәнінің пәндерімен байланысы. Оның мамандар дайындаудағы мақсаттары мен мәселелері.

##### **2 тақырып Менеджменттің пәні мен қағидалары**

Менеджмент туралы түсінік. Менеджмент мәселесі. Менеджмент түрлері: өндіріс менеджменті, қаржы менеджменті, инновация менеджменті, инвестиция менеджменті, дағдарысқа қарсы менеджменті, халықаралық менеджмент және басқалар.

Басқарушы және басқарылушы кіші жүйелер, олардың бірлігі мен әрекеттестігі. Менеджер және оның функциялары.

Рыноктық экономикадағы басқару объектілері. Басқару қарым-қатынастары. Қоғам жүйесіндегі басқару қарым-қатынастарының түрлері. Өндірісті басқару қарым-қатынастарының классификациясы.

##### **3 тақырып Басқарудағы жүйелік тәсіл негіздері**

Жүйелер туралы түсінік және олардың қасиеттері. Басқарудың жүйе,

құрылым және процесс араларындағы қатынасы. Жүйенің жұмыс істеу шарттары. Экономикалық жүйелердің ерекшелітері.

Басқару жүйесі ретіндегі өндіріс туралы түсінік. Өндірісті басқарудағы жүйелік тәсіл. Өндірісті басқару жүйесінің жұмыс істеуі және оны құрастыру қағидалары.

#### **4 тақырып Менеджмент эволюциясы**

Басқаруды ғылым және зерттеудің дербес саласы ретінде тану. Ф.У.Тейлор және оның «Ғылыми менеджмент қағидалары» кітабы. Басқаруды ғылыми пәнге айналдырудың алғы шарттары. Ірі салалар мен кәсіпорындар, оларды басқарудағы формаланған тәсілдер.

Басқару ғылымының дамуына маңызды үлес қосқан негізгі тәсілдер. Басқарудағы әртүрлі мектептерді бөлу позициясының тәсіл: ғылыми мектебі, әкімшілік мектебі адамдар арасындағы қарым-қатынастар мектебі, тәртіптілік мектебі, басқару ғылымы мектебі немесе сандық әдістер мектебі.

## **2 Бөлім Басқаруды ұйымдастыру**

#### **7 тақырып Ұйым туралы түсінік және оның түрлері**

Ұйым туралы түсінік. Ұйымның жалпы сипаттамалары. Ұйымның негізгі ерекшеліктері мен түрлері. Формальды (ресми) және формальды емес (бейресми) ұйымдар.

Еңбекті көлденең және тік бағытта бөлу. Ұйымдағы басқару процесі Басқарудың негізгі деңгейлері. Басқарудың объектісі мен субъектісі.

#### **8 тақырып Ұйым мақсаттары және олардың классификациясы**

Мақсат басқарудың қажетті элементі ретінде. Менеджменттегі мақсаттық тәсіл. Мақсатты жасау мен тұжырымдаудың методологиялық және ұйымдастырушылық факторлары, классификациясы. Мақсат декомпозициясы және мақсат бұтағы. Мақсат және мәселелер: біріктіру, үйлестіру, тиімділік.

#### **9 тақырып Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы**

Ұйымның ішкі ортасы туралы түсінік. Ішкі айнымалылар: мақсаттар, құрылым, міндеттер, технология және адамдар. Мақсаттар туралы түсінік және олардың әртүрлілігі. Бөлімшелердің мақсаттары. Ұйым құрылымы. Еңбекті арнайы бағытқа бөлу. Басқару көлемі. Міндеттер сипаттамасы.

Сыртқы орта сипаттамалары: факторлардың өзара байланыстығы, ортаның күрделілігі, ортаның қозғалмалылығы, ортаның белгісіздігі.

Тура әсер ететін орта: жабдықтаушылар, материалдар, капитал, еңбек ресурстары, тұтынушылар, бәсекелестер.

Жанама әсер ететін орта: экономика жағдайы, әлеуметтік-мәдени факторлар, саяси факторлар, жергілікті халықпен қарым-қатынас. Технология факторының сыртқы аспектілері.

## **10 тақырып Басқарудың ұйымдастыру құрылымы мен басқару нормасы**

Басқарудың ұйымдастыру құрылымы туралы түсінік. Басқарудың ұйымдастыру құрылымының түрлері: сызықтық, функционалдық, сызықтық-функционалдық (штабтық), матрицалық. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері

Басқарудың ұйымдастыру құрылымын жобалау. Жобалау кезеңдерінің сипаттамасы.

## **11 тақырып Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары**

Рыноктық қарым-қатынас жағдайында шаруашылық қызметінің қазіргі заманғы түрлері. Кәсіпорындарды әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық белгілері бойынша классификациялау. Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі және ұйымдастыру-құқықтық түрлері: мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындар, коммерциялық емес ұйымдар, шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер.

Шаруашылық серіктестік сипаттамалары және олардың түрлері: толық серіктестік, қосымша жауапкершілігі серіктестік, командитты серіктестік, жауапкершілігі шектелген серіктестік.

Акционерлік қоғамдар: ашық және жабық. Еншілес және тәуелді шаруашылық серіктестіктері.

## **3 Бөлім Менеджменттегі интеграциялық процестер**

### **13 тақырып Менеджментті информациямен қамтамасыз ету**

Информация туралы түсінік. Информация басқару қызметінің пәні ретінде. Информацияның басқару тиімділігіне әсері. Информацияның анықтамасы, қасиеттері, классификациясы. Информацияға қойылатын талаптар. Фирма ішіндегі информация жүйесінің негізгі қағидалары, мәселелері мен функциялары.

### **14 Тақырып Менеджменттегі коммуникация**

Басқарудағы коммуникацияның ролі. Менеджменттегі көлденең және тік коммуникациялар. Коммуникациялық процесс, оның кезеңдері мен элементтері. Жеке адам арасындағы және топтық коммуникациялар. Қарым-қатынас түрлері мен ұйымдастыру түрлері. Іскерлік қарым-қатынастың дамуы қарым-қатынастың жеке адамдық және кәсіпшілік факторлары.

### **15 тақырып Менеджменттегі басқару шешімдері**

Менеджмент процесіндегі шешімнің ролі. Басқару шешімдері туралы түсінік және олардың классификациясы. Басқару шешімдерін қабылдау тәсілдері. Басқару – шешімдер сапасының көрсеткіштері. Шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру кезеңдері.

## **4 Бөлім Рыноктық экономикадағы басқару әдістерінің жүйесі**

### **16 тақырып Экономикалық басқару әдістері**

Экономикалық тәсілдердің басқару тәсілдер жүйесіндегі алатын орны. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын үдету үшін көбінесе халық шаруашылығының барлық деңгейлеріндегі басқарудың экономикалық тәсілдеріне көшудің маңызы. Басқарудың экономикалық тәсілдерінің классификациясы.

### **17 тақырып Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері**

Басқарудағы әлеуметтік-психологиялық тәсілдердің алатын орны мен ролі. Әлеуметтік-психологиялық басқару тәсілдерінің классификациясы мен сипаттамасы.

Өндірістік ұжымды құру тәсілдері, ұжымдағы топтық қарым-қатынастарды реттеу.

### **18 тақырып Басқарудың ұйымдастыру-өкімдік әдістері**

Әкімшіл-өкімдік тәсілдердің басқару тәсілдері жүйесіндегі орны, олардың басқа басқарушылық әсер ету тәсілдерімен түбегейлі өзара байланысы. Әкімшіл-өкімдік тәсілдердің мәні және олардың сипаттамасы. Жедел (оперативтік) басқарудағы пайдаланылатын ұйымдастырушы тәсілдері.

### **19 тақырып Рыноктық экономикадағы басқарудың казіргі кездегі тәсілдері**

Қазақстанда кәсіпкерлік қолдау концепциясы. Шаруашылық ісінің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту. Қазақстандағы кәсіпкерлік формалары (түрлері). Жаңа экономикалық құрылымдарды құру мен дамытуды қолдау.

## **5 Бөлім Менеджмент функциялары**

### **20 тақырып Менеджменттегі жоспарлау**

Жоспарлаудың мазмұны, мақсаттары мен міндеттері. Жоспар түрлері, жоспарлау формалары. Стратегиялық жоспарды жасау тәсілдері, процедуралары мен ережелері. Стратегиялық жоспарды бағалаудың сандық және сапалық критерийлері. Стратегияны жүзеге асыру процесін басқару.

Тактикалық жоспарлау. Тактикалық жоспарды жасау сипаты мен процедурасы.

### **21 тақырып Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде**

Ұйымдастыру функциясының мазмұны. Ұйымдастыру функциясын орындау процесіндегі негізгі қағидалар. Басқару қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері мен түрлері. Функцияларды, өкілетілектерді, жауапкершілікті бөлу. Басқару қызметін тәртіптеу (ережелілеу) және нормалау (мөлшерлеу).

### **22 тақырып Менеджменттегі мотивация**

Қажеттіліктер мен мотивациялық мінез-құлық. Алғашқы және екінші реттегі қажеттіліктер. Мотивацияның мазмұндық теориясы: А. Маслоу бойынша қажеттілік иерархиясы, Ф. Герцбергтің екі факторлық теориясы, МакКлелландтың қажеттіліктер теориясы.

Мотивацияның процессуалдық теориясы: күту теориясы, әділеттілік теориясы, Портер-Лоулердің мотивация моделі (үлгісі).

### **23 тақырып Менеджмент жүйесіндегі бақылау**

Басқарудағы бақылаудың объективті қажеттілігі. Басқарудағы бақылаудың функциялары мен түрлері. Бақылау технологиясы: бақылау концепциясын таңдау, бақылау мақсатын анықтау, бақылау нормасын (мөлшерін) сақтау, бақылау әдістері, бақылау көлемі мен саласы.

Бақылау процесі. Бақылау процесінің кезеңдері. Нормативтер мен стандарттарды жасау. Бақылау жүйесіндегі экономикалық талдау. Өзгерістерді бақылау, нәтижелерді стандарттар мәліметтерімен салыстыру, түзетулер жасау. Ұйымның экономикалық потенциалын анықтау.

Бақылаудың ұйымдастыру нысандары. Тәуелді, тәуелсіз бақылау. Фирма ішіндегі бақылау. Аудиторлық тексеру. Ұйым тәртібінің ерекше аспектілерін бақылау. Бақылаудағы кедергілер мен қарсыласулар.

## **6 Бөлім Топтық динамика және басқару персоналы**

### **24 тақырып Адам қызметін басқару және топты басқару**

Адамды басқару және топты басқару. Топтар және олардың маңыздылығы. Ресми және бейресми топтар. Хоторн эксперименттері. Формалды емес (бейресми) ұйымдарды құрастыру және дамыту механизмі. Олардың сипаттамасы. Формалды емес ұйымдарды басқару. Хоманс моделі. Формалды емес ұйымдармен байланысты қиындықтар және пайдалар.

### **25 тақырып Басшылық: билік, ықпал ету және серіктестік**

Ұйымдағы басқару. Өкілеттілік, жеке ықпал ету және билік. Билік балансы. Ықпал ету және билік нысандары. Мәжбүр етуге негізделген билік. Қорқыту арқылы ықпал ету. Марапаттауға негізделген билік. Жағымды нығайту арқылы ықпал ету. Заңды билік. Дәстүр арқылы әсер ету. Эталондық билік (үлгі билігі). Харизм арқылы ықпал ету. Сараптау билігі. Парасатты сенім арқылы ықпал ету.

### **26 тақырып Лидерлік: басқару стилі мен менеджер имиджі**

Лидерлік теориясына шолу жасау. Жеке адманың қасиеті мен көзқарасы жағынан қарағандағы тәсілі. Тәртіптілік тәсіл. Жағдайлық тәсіл.

Лидер – әлеуметтік архитектор ретінде. Құрылым мен бюрократия. Лидер және белгісіздік. Кадрлар жүйелерінің компоненттері. Формалды емес лидер. Басшылық стилі туралы түсінік және олардың түрлері, оны құрастыру факторлары. Басшылықтың автократтық, демократтық және либералдық стилі. Лайкерттің адамға бағытталған басшылықтың төрт стилдері. Жұмысқа және адамға негізделген екі өлшемді басшылық стилінің баян етілуі. Блэйк

және Моутонның басқару кестесіне сәйкес басшылық стилдерін сипаттау.

### **27 тақырып Қайшылықтарды, күйзелістерді және өзгерістерді басқару**

Ұйымдық қайшылықтың табиғаты мен мазмұны. Қайшылық себептері Қайшылық функциялары. Қайшылық процесінің моделі. Қайшылық нәтижесі Ұйымдық қайшылықтардың негізгі түрлері қайшылық жағдайды басқару. Жеке адамдар арасындағы қайшылықтарды шешу әдістері.

Күйзеліс (стресс) табиғаты. Күйзеліс себептері Күйзеліс туғызатын ұйымдық және жеке адамдар факторлары. Күйзелістерді басқару. Қайшылық пен күйзеліс арасындағы өзара байланыс.

### **28 тақырып Фирманың кадрлық саясаты**

Кадрлық саясаты туралы түсінік.

Фирмада кадр саясатын жасау және жүргізу. Басқару кадрларын даярлау. Персоналды іріктеп алу және орналастыру. Персоналды басқару. Басқару кадрларын бағалау. Персоналды пайдалану.

## **7 Бөлім Басқару қызметінің этикасы мен мәдениеті**

### **29 тақырып Басқару қызметінің мәдениеті**

Басқару мәдениетінің мәні мен түсінігі. Басқару мәдениеті өндіріс тиімділігін арттыру факторы ретінде. Басқару мәдениеті адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде.

### **30 тақырып Басқарудың корпоративтік мәдениеті**

Басқарудың корпоративтік мәдениеті туралы түсінік. Корпорация мәдениетіне әсер етуші факторлар. Корпорация мәдениеті ұйымдастырушылық құрылым мен кадр жөніндегі саясаттағы құндылықтарды көрсету ретінде іске асырылады. Ұйымның мәдени аспектілерінің классификациясының сипаттамасы. Корпоративтік мәдениеттің негізгі құндылықтары.

### **31 тақырып Менеджердің іскерлік этикеті**

Этикет – адам тәртібін реттеудің бір нысаны. Искерлік этикет ережелері. Искерлік этикеттің ерекшеліктері. Кәсіби этикет.

## **8 Бөлім Менеджмент тиімділігі**

### **32 тақырып Менеджмент тиімділігі**

Менеджмент тиімділігі: ішкі және сыртқы параметрлері. Тиімділіктің экономикалық және әлеуметтік аспектілері. Фирманың менеджмент мүдделерін, меншігін және еңбек ресурстарын үйлестіру. Менеджмент және еңбек ақы төлеу. Менеджмент және фирма табыстылығы. Менеджмент тиімділігін сандық бағалаудың әдістемелік қағидалары.

## **Тәжірибелік сабақтарының тізімі**

### **1 Бөлім Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері**

#### **1 тақырып Басқару ғылымының пәні мен әдісі**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Экономикалық ғылымдар жүйесінде басқару ғылымының пәні.
- 2 «Менеджмент» оқу пәнінің пәндерімен байланысы.

#### **2 тақырып. Менеджменттің мәні мен қағидалары**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Басқарудың ғылыми қағидалары. Басқару ғылым және өнер ретінде.
- 2 Басқару мен кәсіпкерліктің өзара байланысы.
- 3 Басқарудың мәні мен қағидаларына негізгі теориялық көзқарастар.

#### **3 тақырып Басқарудағы жүйелік тәсіл негіздері**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Басқару жүйесі ретіндегі өндіріс туралы түсінік.
- 2 Өндірісті басқарудағы жүйелік тәсіл.
- 3 Өндірісті басқару жүйесінің жұмыс істеуі және оны құрастыру қағидалары.

#### **4 тақырып Менеджмент эволюциясы**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Америкалық және Жапон менеджменті: ерекшеліктері мен өзгешіліктері.
- 2 Тарихи алғышарттар мен менеджмент эволюциясының дамуы.

#### **6 тақырып Қазақстандағы менеджменттің методологиялық негіздері**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Қазақстандағы кәсіпкерлік пен бизнестің мазмұны мен негізгі ерекшеліктері.
- 2 Менеджмент бірігіп құрастырылған еңбектің құрама бөлігі және Қазақстандағы меншіктің, жаңа қарым-қатынастарын жүзеге асыру құралы ретінде.

### **2 Бөлім Басқаруды ұйымдастыру**

## **7 тақырып Ұйым түсінік және оның түрлері**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Ұйымдағы басқару процесі. Басқарудың негізгі деңгейлері.
- 2 Менеджмент жүйесіндегі кәсіпкерлік. Кәсіпкерлер басқарушы ретінде.
- 3 Жетістікке бағытталған басқару.
- 4 Қазіргі заманғы менеджер моделі.

## **8 тақырып Ұйым мақсаттары және олардың классификациясы**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Менеджменттегі мақсаттық тәсіл.
- 2 Мақсатты жасау мен тұжырымдаудың методологиялық және ұйымдастырушылық факторлары, классификациясы.
- 3 Мақсат декомпозициясы және мақсат бұтағы.

## **9-тақырып. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Ішкі айнымалылар: мақсат, құрылым, міндет, технология және адамдар.
- 2 Сыртқы орта туралы түсінік.
- 3 Тура әсер ету ортасы: жабдықтаушылар, материалдар, капитал, еңбек ресурстары, тұтынушылар, бәсекелестер.
- 4 Жанама әсер ету ортасы: экономика жағдайы, әлеуметтік-мәдени факторлар, саяси факторлар, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас. «Технология» факторының сыртқы аспектілері.

## **10 тақырып Басқарудың ұйымдастыру құрылымы мен басқару нормасы**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Басқарудың ұйымдастыру құрылымын жобалау.
- 2 Жобалау кезеңдерінің сипаттамасы.

## **11 тақырып Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Шаруашылық серіктестік сипаттамалары және олардың түрлері: толық серіктестік, қосымша жауапкершілігі серіктестік, коммандитты серіктестік, жауапкершілігі шектелген серіктестік.
- 2 Акционерлік қоғамдар: ашық және жабық. Еншілес және тәуелді шаруашылық серіктестіктері.

## **3 Бөлім Менеджменттегі интеграциялық процестер**

### **14 тақырып Менеджменттегі коммуникация**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Кері байланыс. Жеке тұлға аралық кедергілер. Ұйымдық кедергілер.



2 Құжат айналымын жобалау.

3 Коммуникациялық кедергілер мен оларды өту әдістері.

### **15 тақырып Менеджменттегі басқару шешімдері**

Негізгі сұрақтар:

1 Белгісіздік жағдайындағы шешім ұғымы.

2 Шешім салдары: бағалау мен болжау. Баламаларды талдаудың негізгі әдістері.

3 Күрделілік дәрежесі әртүрлі проблемаларды шешудегі басқару шешімдері. Бағдарламалы-мақсаттық және проблемалы-бағытталған басқару.

### **4 Бөлім Рыноктық экономикадағы басқару әдістерінің жүйесі**

#### **16 тақырып Экономикалық басқару әдістері**

Негізгі сұрақтар:

1 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тездету үшін халық шаруашылығының барлық деңгейлеріндегі басқарудың экономикалық әдістеріне көшудің маңызы.

2 Басқарудың экономикалық әдістерінің жіктемесі.

3 Нарықтық қарым-қатынастардың қалыптасуы кезеңіндегі басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі экономикалық әдістерді қолдану ерекшеліктері.

#### **17 тақырып Басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері**

Негізгі сұрақтар:

1 Әлеуметтік-экономикалық дамуды басқарудағы әлеуметтік факторлар ролін арттыру. Қайта құру тұжырымдамасындағы адам факторы.

2 Шаруашылық қызметтің әлеуметтік бағытын күшейту.

3 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету басқарудың шаруашылық механизмінің тиімділігінің жоғарғы критерийі ретінде.

#### **18 тақырып Басқарудың ұйымдастырушылық-өкімдік әдістері**

Негізгі сұрақтар:

1 Ұйымдастырушылық-өкімдік әдістердің мәні және олардың сипаттамасы.

2 Оперативті басқаруда пайдаланылатын ұйымдастырушылық әдістер.

3 Әкімшілік ықпал ету, оның басқару жүйесінің әртүрлі деңгейіндегі мақсаттары мен жүзеге асыру нысандары.

4 Экономиканы басқарудағы құқықтық әдістердің ролі. Өндірісті басқарудағы құқықтық реттеу механизмі.

### **5 Бөлім Менеджмент функциялары**

#### **20 тақырып Менеджменттегі жоспарлау**

Негізгі сұрақтар:

1 Тактикалық жоспарлау. Тактикалық жоспарды жасау процедурасы мен

сипаттамасы.

2 Бизнес-жоспардың міндеттері мен белімдері. Қызметті тандау, бәсекелестік артықшылықтарының түрлері. Өткізу нарығын бағалау.

3 Нарықты зерттеу процесінің кезеңдері. Маркетинг, өндіріс, қаржы жоспарының негізгі элементтері.

### **21 тақырып Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде**

Негізгі сұрақтар:

1 Өкілеттілікті бөліп беруді тиімді ұйымдастыру. Өкілеттілікті тиімді делегирлеуге кедергілер.

2 Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының түрлері: сызықтық, функционалдық, сызықтық-функционалдық (штабтық), матрицалық, жобалық. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

3 Ұйымдастырушылық құрылымға қойылатын негізгі талаптар.

### **22 тақырып Менеджменттегі мотивация**

Негізгі сұрақтар:

1 Мотивацияның мазмұндылық теориялары: А. Маслоу бойынша қажеттіліктер иерархиясы; Ф.Герцбергтің қос факторлы теориясы; Мак Клеllandтың қажеттіліктер теориясы.

2 Виктор Врумның мотивациялық модельдері.

3 Мотивацияның процессуалдық теориялары: күту теориясы, әділеттілік теориясы, Портер-Лоулердің мотивация моделі.

### **23 тақырып Менеджмент жүйесіндегі бақылау**

Негізгі сұрақтар:

1 Бақылау талаптары-белгілері. Бақылаудың дер кезінде жүргізілуі мен икемділігі. Бақылаудың қарапайымдылығы мен тиімділігі.

2 Контроллинг негізінің ұғымы. Жоспарлау жүйесі және контроллинг. Контроллинг пен менеджменттің кіші жүйелері. Контроллинг құралдары.

3 Бақылаудың техникалық тәсілдері және қазіргі заманғы басқару техникасын пайдалану.

## **6 Бөлім Топтық динамика және басқару персоналы**

### **24 тақырып Адам қызметін басқару және топты басқару**

Негізгі сұрақтар:

1 Формалды емес (бейресми) ұйымдарды құрастыру және дамыту механизмі. Олардың сипаттамасы.

2 Формалды емес ұйымдарды басқару. Хоманс моделі.

3 Формалды емес ұйымдармен байланысты қиындықтар және пайдалар.

### **25 тақырып Басшылық: билік, ықпал ету және әріптестік**

Негізгі сұрақтар:

1 Занды билік. Дәстүр арқылы әсер ету. Эталондық билік (үлгі билігі).

Харизма арқылы ықпал ету. Сараптау билігі. Салихалы сенім арқылы ықпал ету.

2 Сендіру мен қатысу. Сендіру арқылы ықпал ету. Қызметкерлерді басқаруға қатыстыру арқылы ықпал ету.

## **26 тақырып Лидерлік: басқару стилі мен менеджер имиджі**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Стил, қанағаттанушылық және өнімділік.
- 2 Тиімді басшылыққа деген жағдайлық тәсіл.
- 3 Фидлердің жағдайлық басшылық моделі

## **27 тақырып Қайшылықтарды, күйзелістерді және өзгерістерді басқару**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Жеке адамдар арасындағы қайшылықтарды шешу әдістері.
- 2 Күйзеліс (стресс) табиғаты. Күйзеліс себептері
- 3 Қайшылық пен күйзеліс арасындағы өзара байланыс.

## **28 тақырып Фирманың кадрлық саясаты**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Персоналды басқару.
- 2 Басқару кадрларын бағалау.
- 3 Персоналды пайдалану.

## **7 Бөлім Басқару қызметінің этикасы мен мәдениеті**

### **29 тақырып Басқару қызметінің мәдениеті**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Басқару мәдениеті өндіріс тиімділігін арттыру факторы ретінде.
- 2 Басқару мәдениеті адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде.

### **30 тақырып Басқарудың корпоративтік мәдениеті**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Корпорация мәдениеті ұйымдастырушылық құрылым мен кадр жөніндегі саясаттағы құндылықтарды көрсету ретінде іске асырылады.
- 2 Ұйымның мәдени аспектілерінің классификациясының сипаттамасы.

### **31 тақырып Менеджердің іскерлік этикеті**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Іскерлік этикет ережелері. Іскерлік этикеттің ерекшеліктері.
- 2 Менеджердің сыртқы келбеті.

## **8 Бөлім Менеджмент тиімділігі**

### **32 тақырып Менеджмент тиімділігі**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Менеджмент және еңбек ақы төлеу.
- 2 Менеджмент және фирма табыстылығы.
- 3 Менеджмент тиімділігін сандық бағалаудың әдістемелік қағидалары.

### **33 тақырып Басқарудың қазіргі кездегі технологиялары**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Бизнес-процесс ұғымы. Реинжинирингтің негізгі кезеңдері.
- 2 Персоналды ынталандырудың жаңа тәсілдері.

### **34 тақырып Өнімділікті басқарудағы кешендік тәсіл**

Негізгі сұрақтар:

- 1 Еңбек өнімділігі ұйым жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіш ретінде.
- 2 Өнімділік және сыртқы орта. Өнімділік пен ішкі орта.
- 3 Өнімділік критерийі бойынша басқару. Жоспарлау және өнімділік. Ұйымдастыру және өнімділік. Мотивациялау және өнімділік.

### **Студенттердің өзіндік жұмыстары түрлерінің тізімі**

Тақырыптық жоспарға және бақылау шараларының календарлық кестесіне сәйкес пәнді игеру барысында, Сіз төмендегі аудиториядан тыс жұмысты орындауларыңыз керек:

- дәріс сабақтарына дайындалу;
- тәжірибелік сабақтарға дайындалу;
- бақылау шараларына дайындалу.

### **СӨЖ түрлерінің тізімі**

№	СӨЖ түрі	Есеп беру түрі	Бақылау түрі	Сағатқа шаққандағы көлемі
1	Дәріс сабақтарына дайындалу	Дәрістер конспектісі	Сабаққа қатысу	36
2	Тәжірибе сабақтарына дайындалу	Жұмыс дәптері	Сабаққа қатысу	36
3	Аудиториялық сабақтарға енбеген материалдарды дайындау	Дәрістер конспектісі	Колоквиум (және басқа)	42
4	Жеке тапсырманы орындау	ЖТ	ЖТ қорғау	-
5	Бақылау шараларына дайындалу		МБ 1, МБ 2	6
Барлығы				120

### **Өзіндік оқуға арналған тақырыптар**

# **1 Бөлім Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері**

## **1 Тақырып Басқару ғылымының пәні мен әдісі**

1 Басқару түсінігі. Басқару объектілері. Өндірісті басқару ғылымының пәні. Басқарушылық қатынастар. Қоғамдық жүйедегі басқарушылық қатынастардың түрлері.

2 Қоғамдық жүйедегі басқару қатынастарының классификациясы. Өндірісті басқару қатынастарының классификациясы.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **2 Тақырып Менеджменттің мәні мен қағидалары**

1 Басқару қарым-қатынастары.

2 Қоғам жүйесіндегі басқару қарым-қатынастарының түрлері.

3 Өндірісті басқару қарым-қатынастарының классификациясы.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **3 Тақырып Басқарудағы жүйелік тәсіл негіздері**

1 Жүйе және оның қасиеттері туралы түсініктер. Экономикалық жүйе, құрылым мен басқару процесі арасындағы қатынастар. Жүйенің әрекет ету жағдайлары.

2 Өндіріс - басқару жүйесі. Өндірісті басқарудағы жүйелік тәсіл. Өндірісті жүйенің әрекет ету қағидалары. Өндірісті басқару жүйесінің басқару объектісі мен субъектісі. Экономикалық жүйедегі кері байланыстар.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **4 Тақырып Менеджмент эволюциясы**

1 Менеджмент дамуының алғы шарттары. Басқару - ғылым мен зерттеудің жеке саласы. Ф. Тейлор және оның «Принципы научного менеджмента» еңбегі.

2 Басқарудағы түрлі мектептер: ғылыми мектеп, әкімшілік мектеп, адам аралық қарым-қатынастар мектебі, тәртіптілік мектебі, басқарудың ғылыми мектебі. Процестік тәсіл, жүйелік тәсіл, жағдайлық тәсіл.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **5 Тақырып Қазіргі кезеңгі менеджмент тұжырымдамалары**

1 Шарауашылық тиімділігін анықтаудағы ресурстық потенциалды тәсіл.

2 Экономиканың нарықтық және мемлекеттік секторларындағы қызмет сфераларының бөлінуі.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

## **6 Тақырып Қазақстандағы менеджменттің методологиялық негіздері**

1 Қазақстанда менеджмент дамуының саяси және экономикалық алғы шарттары.

2 Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен даму стратегиясы. Экономикалық даму стратегиясының кезеңдері.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

## **2 Бөлім Басқаруды ұйымдастыру**

### **7 Тақырып Ұйым туралы түсінік және оның түрлері**

1 Ұйым. Ұйымның негізгі ерекшеліктері мен түрлері. Ұйымның сипаттамасы. Ресми және бейресми ұйымдар, олардың сипаттамасы. Еңбекті көлденең және тігінен бөлу.

2 Ұйымдағы басқару процесі. Басқарудың негізгі объектісі мен субъектісі. Басқарудың негізгі деңгейлері.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **8 тақырып Ұйым мақсаттары және олардың классификациясы**

1 Мақсат декомпозициясы және мақсат бұтағы.

2 Мақсат және мәселелер: біріктіру, үйлестіру, тімділік.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **9 тақырып Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы**

1 Сыртқы орта сипаттамалары: факторлардың өзара байланыстығы, ортаның күрделілігі, ортаның қозғалмалылығы, ортаның белгісіздігі.

2 Тура әсер ететін орта: жабдықтаушылар, материалдар, капитал, еңбек ресурстары, тұтынушылар, бәсекелестер. Жанама әсер ететін орта.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

## **10 тақырып Басқарудың ұйымдастыру құрылымы мен басқару нормасы**

1 Басқарудың ұйымдастыру құрылымы. Басқарудың ұйымдық құрылымының түрлері: сызықтық, функционалдық, сызықтық-функционалдық (штабтық), матрицалық. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

2 Ұйымдық құрылымға қойылатын негізгі талаптар.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **11 Тақырып Басқарудың ұйымдастыру-құқықтық нысандары**

1 Нарықтық қатынастар жағдайындағы шаруашылық қызметінің түрлері. Кәсіпорынды әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық белгілері бойынша топтастыру.

2 Акционерлік қоғам, олардың түрлері: ашық акционерлік қоғам және жабық акционерлік қоғам. Шаруашылық серіктестіктер, олардың түрлері: толық серіктестік, косымша жауапкершілікті серіктестік, командитті серіктестік, жауапкершілігі шектелген серіктестік.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **12 Тақырып Әрекеттестікті ұйымдастыру және өкілеттіліктер**

1 Өкілеттіліктер және жауапкершілік. Өкілеттілікті бөлу және жауапкершілікті бөлу. Ұйымдастырушылық өкілеттіліктер.

2 Сызықты және аппаратты (штабты) өкілеттіліктер. Өкілеттіліктер мен билік. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған өкілеттіліктер. Өкілеттілікті тиімді бөлуде кездесетін кедергілер.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **3 Бөлім Менеджменттегі интеграциялық процестер**

### **13 Тақырып Менеджментті информациямен қамтамасыз ету**

1 Ақпарат: түсінігі, анықтамасы, қасиеттері мен түрлері және оларға қойылатын талаптар. Ақпараттың басқару тиімділігіне әсері. Фирма ішіндегі ақпарат жүйесінің негізгі қағидалары, мәселелері мен функциялары.

2 Қазақстан экономикасын басқарудың ақпаратпен қамтамасыз етілуі.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **14 Тақырып Менеджменттегі коммуникация**

1 Қарым-қатынас түрлері мен ұйымдастыру түрлері.

2 Искерлік қарым-қатынастың дамуы қарым-қатынастың жеке адамдық және кәсіпшілік факторлары.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **15 Тақырып Менеджмент басқару шешімдері**

1 Менеджмент процесіндегі басқарушылық шешімдер: түсінігі мен олардың классификациясы. Шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру кезеңдері. Анықсыздық жағдайында шешім қабылдау.

2 Шешім салдары: бағалау мен болжау. Шешімді үйлесімді жасаудың

негізгі факторлары. Күрделілігі әртүрлі мәселелерді шешудегі басқару шешімдері.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

#### **4 Бөлім Рыноктық экономикадағы басқару әдістерінің жүйесі**

##### **16 Тақырып Экономикалық басқару әдістері**

1 Менеджменттің экономикалық тәсілі. Басқарудың экономикалық тәсілдерінің классификациясы.

2 Нарықтық қарым-қатынастарды құру кезеңінде басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі экономикалық әдістерді қолдану ерекшеліктері.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

##### **17 Тақырып Басқарудың әлеуметтік - психологиялық әдістері**

1 Менеджменттегі әлеуметтік-психологиялық тәсілдер және олардың сипаттамасы мен түрлері. Әлеуметтік-экономикалық дамуды басқарудағы әлеуметтік факторлардың ролін арттыру.

2 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру - басқарудың шаруашылық механизмінің тиімділік критеріі.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

##### **18 Тақырып Басқарудың ұйымдастыру - өкімдік әдістері**

1 Өкімшіл-өкімдік тәсілдердің мәні және олардың сипаттамасы.

2 Жедел (оперативтік) басқарудағы пайдаланылатын ұйымдастырушы тәсілдері.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

##### **19 Тақырып Рыноктық экономикадағы басқарудың қазіргі кездегі тәсілдері**

1 Қазақстандағы кәсіпкерлік формалары (түрлері).

2 Жаңа экономикалық құрылымдарды құру мен дамытуды қолдау.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

#### **5 Бөлім Менеджмент функциялары**

##### **20 Тақырып Менеджменттегі жоспарлау**

1 Стратегиялық жоспарды бағалаудың сандық және сапалық критерийлері. Стратегияны жүзеге асыру процесін басқару.

2 Тактикалық жоспарлау. Тактикалық жоспарды жасау сипаты мен процедурасы.



Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **21 тақырып Ұйымдастыру менеджмент функциясы ретінде**

- 1 Басқару қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері мен түрлері.
- 2 Басқару қызметін тәртіптеу (ережелі) және нормалау (мөлшерлеу).

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **22 тақырып Менеджменттегі мотивация**

1 Мотивацияның мазмұндық теориясы: А. Маслоу бойынша қажеттілік иерархиясы, Ф. Герцбергтің екі факторлық теориясы, МакКлелландтың қажеттіліктер теориясы.

2 Мотивацияның процессуалдық теориясы: күту теориясы, әділеттілік теориясы, Портер-Лоулердің мотивация моделі (үлгісі).

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **23 тақырып Менеджмент жүйесіндегі бақылау**

1 Бақылаудың ұйымдастыру нысандары. Тәуелді, тәуелсіз бақылау.

2 Фирма ішіндегі бақылау. Аудиторлық тексеру.

3 Ұйым тәртібінің ерекше аспектілерін бақылау. Бақылаудағы кедергілер мен қарсыласулар.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

## **6 Бөлім Топтық динамика және басқару персоналы**

### **24 Тақырып Адам қызметін басқару және топты басқару**

1 Адамды басқару және топты басқару. Топтар және олардың маңыздылығы. Ресми және бейресми топтар. Хоторн эксперименттері. Бейресми ұйымдарды құру және дамыту механизмі. Олардың сипаттамасы. Бейресми ұйымдарды басқару. Хоманс моделі.

2 Топтың жұмысының тиімділігіне әсерін тигізетін факторлар. Өкілеттіліктер.

Бақылау нысаны: конспект  
Әдебиет: [1-7]

### **25 Тақырып Басшылық: билік, ықпал ету және серіктестік**

1 Басшылық: ұйымдағы басқару. Өкілеттілік. Жеке ықпал ету. Билік. Ықпал ету және билік нысандары.

2 Билік тәсілдері: мәжбүр етуге негізделген билік; қорқыту арқылы ықпал ету; марапаттауға негізделген билік; жағымды нығайту арқылы ықпал ету; заңды билік; дәстүр арқылы әсер ету; эталондық билік; харизм арқылы

ықпал ету; сараптау билігі; парасатты сенім арқылы ықпал ету.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **26 Тақырып Лидерлік: басқару стилі мен менеджер имиджі**

1 Басшылықтың автократтық, демократтық және либералдық стилі. Лайкерттін адамға бағытталған басшылықтың төрт стилдері. Жұмысқа және адамға негізделген екі өлшемді басшылық стилінің баян етілуі. Блэйк және Моутонның басқару кестесіне сәйкес басшылық стилдерін сипаттау.

2 Митчел мен Хаустың «жол-мақсат» деп аталатын әдісі. Херси мен Бланшардың «өмірлік цикл» теориясы. Врум-Иеттонның басшымен шешімдер қабылдау моделі.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **27 Тақырып Қайшылықтарды, күйзелістерді және өзгерістерді басқару**

1 Қайшылық нәтижесі. Ұйымдық қайшылықтардың негізгі түрлері. Күйзеліс (стресс) табиғаты. Күйзеліс себептері. Күйзеліс туғызатын ұйымдық және жеке адамдар факторлары. Күйзелістерді басқару. Қайшылық пен күйзеліс арасындағы өзара байланыс.

2 Ұйымдық өзгерістер табиғаты. Мақсаттар, құрылым, технология мен міндеттер, адамдар. Өзгерістерді басқару.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **28 тақырып Фирманың кадрлық саясаты**

1 Басқару кадрларын бағалау.

2 Персоналды пайдалану.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **7 Бөлім Басқару қызметінің этикасы мен мәдениеті**

### **29 Тақырып Басқару қызметінің мәдениеті**

1 Басқару мәдениеті. Басқару мәдениеті - өндіріс тиімділігін арттыру факторы. Басқару мәдениетінің элементтері: басқару қызметкерлерінің мәдениеті, басқару процесінің мәдениеті, еңбек шарттарының мәдениеті, құжаттау мәдениеті.

2 Дамыған елдердегі экономикалық мәдениет ерекшеліктері. Ұйымдық мәдениет түрлері: күшті және нашар; формаланған және формаланбаған; функционалды және функционалды емес; айқындалған және жасырын; реттелінген және реттелінбейтін және т.б.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **30 Тақырып Басқарудың корпоративтік мәдениеті**

1 Басқарудың корпоративтік мәдениеті туралы түсінік. Корпорация мәдениетіне әсер етуші факторлар. Корпорация мәдениеті ұйымдастырушылық құрылым мен кадр жөніндегі саясаттағы құндылықтарды көрсету ретінде іске асырылады. Ұйымның мәдени аспектілерінің классификациясының сипаттамасы. Корпоративтік мәдениетінің негізгі құндылықтары.

2 Кәсіпкерліктің салалық мәдениеті. Сауда мәдениеті. Әкімшілік мәдениеті. Инновациялық мәдениет.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **31 тақырып Менеджердің іскерлік этикеті**

1 Іскерлік этикет ережелері. Іскерлік этикеттің ерекшеліктері.

2 Кәсіби этикет.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

## **8 Бөлім Менеджмент тиімділігі**

### **32 Тақырып Менеджмент тиімділігі**

1 Менеджмент тиімділігі: ішкі және сыртқы параметрлері. Тиімділіктің экономикалық және әлеуметтік аспектілері. Менеджмент және еңбек ақы төлеу. Менеджмент және фирма табыстылығы. Менеджмент тиімділігін сандық бағалаудың әдістемелік қағидалары.

2 Тиімділікті арттыруға бағытталған стратегия: тенденцияларды таңдау және оларды практикалық тұрғыдан жүзеге асыру. Менеджмент тиімділігінің өзгеруін анықтайтын факторлар. Менеджмент болашағы.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **33 тақырып Басқарудың қазіргі кездегі технологиялары**

1 Бизнес-процесс ұғымы. Реинжинирингтің негізгі кезеңдері.

2 Кәсіпорынның басқарушылық жүйелерін оқыту және өзін-өзі оқыту тұжырымдамалары.

3 Персоналды ынталандырудың жаңа тәсілдері.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

### **34 Тақырып Өнімділікті басқарудағы кешендік тәсіл**

1 Еңбек өнімділігі. Өнімділік мәселелеріне кешендік тәсілді қолдану. Өнімділікке жүйелік көзқарас.

2 Сапа және өнімділік. Өнімділік және сыртқы орта. Өнімділік пен ішкі орта. Өнімділік пен басқару функцияларының қарым-қатынасы.

Бақылау нысаны: конспект

Әдебиет: [1-7]

СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру жөніндегі және «Менеджмент» пәні бойынша 5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша күндізгі оқу нысанының студенттеріне арналған

### Бақылау шараларының күнтізбелік кестесі

1 Рейтинг										Қорытынды балл
Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	8	
Аптасындағы максималды балл	6	6	18	6	6	20	6	26		100
Дәрістерге қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	16
	Бақылау түрі	О	О	О	О	О	О	О	О	
	Макс. балл	2	2	2	2	2	2	2	2	
Тәжірибелік (сем-лық) сабақтарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі	Ж Ж	Е+У Ж1	Е+УЖ 2	Е	Е	Е+УЖ 3	Е+УЖ 4	Е+УЖ 5	32
	Бақылау түрі	О	О ЕШ	О ЕШ	О	О	О ЕШ	О ЕШ	О ЕШ	
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4	4	
Қосымша материалды дайындау	СӨЖ түрі									26
	Бақылау түрі								КТ	
	Макс. балл								26	
Курс тақырыптары бойынша білімді ағымда тексеру	Тақырып №			7			1-10		1-15	26
	Бақылау түрі			эссе			БЖ1		МБ1	
	Макс. балл			12			14		100	

2 Рейтинг									Қорытынды балл
Апталар	9	10	11	12	13	14	15	15	
Аптасындағы максималды балл	6	6	6	21	12,5	12,5	36		100
Дәрістерге қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	ДК	14
	Бақылау түрі	О	О	О	О	О	О	О	
	Макс. балл	2	2	2	2	2	2	2	
Тәжірибелік (сем-лық) сабақтарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі	К/ Ж	К/ Ж	К/ Ж	Е	УЖ6	УЖ7	Е	35
	Бақылау түрі	О	О	О	ЕШ	КТ	КТ	ЕШ	
	Макс. балл	5	5	5	5	5	5	5	
Қосымша материалды дайындау	СӨЖ түрі								36
	Бақылау түрі							КТ	
	Макс. балл							36	
Курс тақырыптары бойынша білімді ағымда тексеру	Тақырып №				18- 23			17- 30	15
	Бақылау түрі				БЖ2			МБ2	
	Макс. балл				15			100	

Шартты белгілер: УЖ – үй жұмысы, КТ – конспекті тексеру, ДК – дәріс конспекті, БЖ – бақылау жұмысы, К/Ж – кейс, жағдайды талқылау(шешу), О – оқу үрдісіне қатысу, МБ – межелік бақылау, Е – есептер, ЕШ – есепті шешу, ЖЖ – жеке жұмыс

Кафедра \_\_\_\_\_ отырысында  
«\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Хаттама

ұсынылды

20\_\_ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ С. К. Кунязова

## 11 Курстың саясаты

Оқу үрдісіне қатысу – бұл сабаққа қатысу, сабақта белсенді болу, орындалған жұмыстар мен үй тапсырмаларын уақытында орындап, тапсыру. Сабаққа кешікпеу керек. Сабақтағы тәртіп ережелерін бұзғандар жазаланады.

Сабаққа қатыспағандары үшін төмендегідей айыптық санкциялар қолданылады:

□ дәріс сабақта себепсіз қатыспағандары үшін – 1 балға төмендетіледі;

□ үй тапсырмасын уақытында тапсырмағандары үшін - 1 балға төмен бағаланады;

□ тәжірибелік сабақты уақытында қорғалмағаны үшін - 1 балл төмендетіледі.

Барлық аудиторлық уақыт дәріс пен тәжірибе сабақтарына бөлінген. Әр сабаққа міндетті түрде дайындалу керек. Дайындықтарыңыз бақылау жұмыстарымен, сұрақтармен тексеріледі. Барлық тапсырмалар бекітілген мерзімге сәйкес орындалуы керек.

Емтиханда немесе жазбаша жұмыстарды орындаған кезде көшіруге тыйым салынады. Егер сіз белгілі бір себептерге байланысты бақылауға қатыспасаңыз, онда сізге келесі сабақтың басында тапсыруға мүмкіншілік беріледі.

Семестрде екі межелік бақылау жүргізіледі. Олар бақылау жұмысы түрінде өткізіледі. Межелік бақылау өткен блок мағұлыматтарына сәйкес өткізіледі.

Қорытынды бақылау емтихан тест түрінде жүргізіледі.

Межелік бақылауды бағалау (МБ) 100 балдық шкала бойынша анықталады.

Пән бойынша межелік бақылауға ағымдағы үлгерімдері (АҮ) бойынша балдары бар студенттер жіберіледі.

Ағымдағы үлгерім және межелік бақылау бағалау нәтижесі арқылы пән бойынша студенттің рейтингі (P1 және P2) анықталады

$$P1(2)=AY1(2)*0,7+MB1(2)*0,3.$$

Егер де студент межелік бақылау өтпесе немесе межелік бақылау бойынша 50 балдан төмен алса, онда рейтинг анықталмайды.

Семестр үшін пән бойынша студенттің жіберілу рейтингісінің бағасы тең

$$ЖР=(P1+P2)/2.$$

Пән бойынша қорытынды бақылауға (ҚБ) жұмыс оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған (СӨЖ бойынша жұмыстар мен тапсырмаларды орындау және тапсыру) және жіберу рейтингісін жинаған (50 балдан кем емес) студенттер жіберіледі.

Пән бойынша студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейі жіберілу рейтингі мен қорытынды бақылау, олардың үлес салмақтарын (ЖРҮС және ҚБҮС) ескере отырып, бағаларынан тұратын қорытынды бағамен (Қ) анықталады

$$Қ = ЖР * ЖРҮС + ҚБ * ҚБҮС.$$

Үлес салмақтар жыл сайын оқу кеңесімен бекітіледі және жіберілу рейтингісі үшін 0,6 кем емес, ал қорытынды бақылау үшін 0,4 көп емес болуы қажет.

Студент жіберілу рейтингі бойынша да, қорытынды бақылау бойынша да оң бағаларға ие болған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға есептелінеді. Қорытынды бақылауға негіссіз себеппен келмеу «қанағатанарлықсыз» бағаға теңеледі. Пән бойынша аралық аттестациялау мен емтиханның нәтижелері студенттерге тапсырылған күні айтылады.

## **12 Қолданылған әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі**

1 Рахымбаев А. Б., Сабатаева Б. О. Менеджмент [Электрондық ресурс]: оқу құралы. - Алматы: Нұр-Пресс, 2009. – 1 CD; 124 Мб. – (Электронная книга)

2 Рахымбаев А. Б., Сабатаева Б. О., Белгібаев А. Қ. Менеджмент: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2009. - 150 б.

3 Сатыбалдыұлы С., Байтанаева Б. Маркетинг және менеджмент негіздері: оқулық [кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынылған]. - Астана: Фолиат, 2007 – 319 б.

4 Жакенова Б., Тәмпішева Қ., Мақсатова Л. Менеджмент негіздері: оқулық [Кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынылған]. - Астана: Фолиант, 2007. – 258 б. – (Кәсіптік білім)

### **Қосымша**

5 Жәкенова Б., Тәмпішева Қ., Сланова Ж. Менеджмент негіздері (тест тапсырмаларының жинағы): оқу құралы [Кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынылған]. - Астана: Фолиант, 2008. – 92 б. – (Кәсіптік білім)

6 Бердалиев К. Менеджмент: лекциялар курсы. - Алматы: Экономика, 2005. – 238 б.

7 Ахметов К.Ф. [т.б.] Менеджмент негіздері: оқулық. - Ақтобе-Орал: А-Полиграфия, 2005. – 519 б.